

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 220 Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы № 1247 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 03 қыркүйектегі № 547 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 220 Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы № 1247 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2006 ж., № 49, 518-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумда:

"ҚазАгро" холдингі" АҚ-ның функциялары" деген 4-бөлімде:

екінші бөліктегі "және салалық (секторалдық)" деген сөздер алып тасталсын;

"ҚазАгро" холдингі АҚ-ны басқару мәселелері" деген 5-бөлімде:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекет атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі "ҚазАгро" холдингі" АҚ-ның жалғыз акционері болып табылады."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев